«БЕКІТІЛДІ»
Мектеп бас директоры
Нурова Г.
«31» тамыз 2023 ж.

ZAMAN
SCHOOL

«ZAMAN» Қазақ элиталық мектебінің 2023–2028 жылдарға арналған ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

МАЗМҰНЫ

1. Бағдарлама паспорты 3

2. Білім беру ұйымының сипаттамасы 3

3. Мектеп қызметінің ағымдағы жағдайына қысқаша сипаттама 4

4. SWOT-талдау 12

5. Мектептің даму тұжырымдамасы 13

6. Мектептің даму бағдарламасының бағыттары мен мақсаттары 15

7. Нысаналы индикаторлар 16

8. Бағдарламаның 2023-2028 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары 18

1. БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ

Бағдарламаның атауы	«ZAMAN» Қазақ элиталық мектебінің 2023-2028 жылдарға арналған даму бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеуші	Элиталық қазақ мектебі «ZAMAN» ЖШС-нің әкімшілігі мен педагогикалық ұжымы
Бағдарламаның мақсаты	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС) мен халықаралық IB бағдарламаларын кіріктіре отырып, оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру; әрбір оқушының интеллектуалдық, рухани-адамгершілік әлеуетін ашу және бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру.
Бағдарламаның міндеттері	Білім беру сапасы мен оқу нәтижелерін арттыру (МЖМБС + IB). Педагогтердің кәсіби әлеуетін дамыту. Мектептің инфрақұрылымын, қаржылық тұрақтылығы мен әріптестігін нығайту. Ұлттық құндылықтар мен «Zaman құндылықтары» негізінде тәрбие жүйесін дамыту.
Бағдарламаны іске асыру мерзімдері мен кезеңдері	қыркүйек 2023 ж. – маусым 2028 ж. I кезең — дайындық: 2023–2024 оқу жылы; II кезең — негізгі: 2024–2027 оқу жылдары; III кезең — қорытынды: 2027–2028 оқу жылы.
Бағдарламаның іске асырылуын бақылауға жауаптылар	Мектеп директоры — Қамқоршылық кеңес Іске асыру барысы туралы есеп жыл сайын педагогикалық кеңесте және Қамқоршылық кеңесте қаралады.

2. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Білім беру ұйымының толық атауы:	ТОО «Элиталық қазақ мектебі «ZAMAN»
Ұйымдық-құқықтық нысаны:	ЖШС (жекеменшік білім беру ұйымы)
Мекеменің ашылған күні:	01 қыркүйек 2022 жыл
Білім беру ұйымының атауы, орналасқан жері (заңды, нақты мекенжайлары, байланыс телефондары):	Алматы қ., Наурызбай ауд., Каргалы ш.а., Кенесары Хан кеш., 56/3 ғим. Тел: 87471112605 Электронды почта: info@zaman-school.kz
Мектептің құрылтайшысы:	Нурова Гаухар Рахманбердиевна
Жұмыс реті:	1 ауысымды
Сыйымдылығы	890 орын
Мектептің ауданы	16816 шаршы метр, пайдалану алаңы–15000 шаршы метр

Оқушы саны	2023-2024 о.ж. 441 оқушы 2024-2025 о.ж. 546 оқушы 2025-2026 о.ж. 530 оқушы
Бағдарламалар бойынша сынып-жинақтар	PYP — 1–4 сыныптар; MYP — 5–9 сыныптар; DP — 10–11 сыныптар
Оқыту тілі	қазақ тілі
Білім беру қызметіне лицензия	№KZ51LAA00032651, 2022 ж. (А корпусы бойынша) № KZ16LAM00001754, 2025 ж. (В оқу корпусы бойынша)
IB World School мәртебесі	Үш IB бағдарламасы бойынша авторизациядан өткен: PYP, MYP, DP
Педагогикалық құрам	Мұғалім — 83 (2025–2026 о.ж)
Жұмыс тәртібі	08:00-17:00

3. МЕКТЕП ҚЫЗМЕТІНІҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫНА ҚЫСҚАША СИПАТТАМА

3.1 Оқу бағдарламасы

ZAMAN мектебінің білім беру моделі үш стандарттың өзара ықпалдасуына негізделген: ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС), халықаралық бакалавриаттың (IB) бағдарламалары және мектептің авторлық ұлттық компоненті. Оқыту тілі — қазақ тілі; IB бағдарламаларының жекелеген пәндері үлгілік оқу жоспары шеңберінде ағылшын тілінде оқытылады.

Білім беру сатысы	Бағдарлама	Мазмұны және қорытынды нәтижесі
Бастауыш мектеп (1–4-сыныптар)	IB PYP (авторизация — 2025 жылғы наурыз) 	Бастауыш сатыдағы оқу-тәрбие үдерісі зерттеу бағдарламасының (Programme of Inquiry) негізінде ұйымдастырылады: білім алушылар білімді дайын күйінде қабылдамай, сұрақ қою мен өз бетінше ізденіс арқылы меңгереді. Пәнаралық оқу бірліктерінің жоспарлары (Unit Planners) МЖМБС талаптарымен сабақтастырыла әзірленеді — осылайша мемлекеттік стандарт пен халықаралық бағдарламаның мазмұны бір жүйеге біріктіріледі және PYP көрмесімен (PYP Exhibition) қорытындыланады: 4-сынып білім алушылары төрт жыл бойы қалыптасқан зерттеушілік дағдыларын өздері таңдаған тақырып бойынша дербес жоба түрінде ұсынады.
Орта мектеп (5–9-сыныптар)	IB MYP (авторизация — 2025 жылғы қаңтар) 	Орта сатыда оқыту сегіз пән тобы арқылы жүзеге асырылады; мазмұн 16 негізгі ұғым мен 6 жаһандық контекст аясында құрылып, МЖМБС талаптарымен толық ықпалдастырылады. Мұндай тәсіл білім алушыны жекелеген фактілерді жаттауға емес, ұғымдар мен пәнаралық байланыстарды терең түсінуге бағыттайды. Саты үш нәтижемен қорытындыланады: білім алушы өзі таңдаған бағыт бойынша жеке жобаны (Personal Project) қорғайды, Service as Action аясында қоғамға қызмет ету тәжірибесінен өтеді және 9-сыныпта халықаралық электрондық бағалауға (E-assessment) қатысады.

Жоғары мектеп (10–11-сыныптар)	IB DP (авторизация — 2025 жылғы маусым) 	Жоғары сатыда білім алушы алты пән тобының әрқайсысынан бір пәнді таңдайды: үш пән жоғары деңгейде (HL), үш пән стандартты деңгейде (SL) оқытылады. Алтыншы топ — өнер — ерекше реттелген: білім алушы өнер пәндерінің бірін таңдауға да, оның орнына үшінші немесе төртінші пән тобынан қосымша пән алуға да құқылы; қай жағдайда да оқу мазмұны МЖМБС талаптарымен сабақтастырылады. Бағдарламаның өзегін үш міндетті компонент құрайды: таным теориясы (TOK), шығармашылық, белсенділік және қызмет (CAS), сондай-ақ көлемі 4000 сөзге дейінгі кеңейтілген зерттеу эссесі (Extended Essay). Бұл компоненттермен қатар МЖМБС бойынша барлық міндетті пәндер толық көлемде оқытылады. Саты қос нәтижемен аяқталады: IB DP ішкі және сыртқы емтихандарының қорытындысы бойынша білім алушы Халықаралық бакалавриат дипломын (IB Diploma), ал мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан өткен соң — орта білім туралы аттестат алады.

3.2 Кадрлық әлеует

Ұжымның негізін Zerde–ZAMAN мектептер жүйесінде он жылдан астам еңбек етіп келе жатқан педагогтер құрайды: жоғары санатты мұғалімдер, ҚР білім беру саласының құрметті қызметкерлері, Ы. Алтынсарин медалімен марапатталған ұстаздар. 2023–2026 оқу жылдары аралығында педагогикалық құрамның саны 51-ден 83 адамға дейін өсті. Бұл оқушылар контингентінің артуымен және 2024 жылы қосымша оқу корпусының пайдалануға берілуімен байланысты.

Біліктілік санаттары бойынша құрамы

Оқу жылы	педагог-шебер	педагог-зерттеуші	педагог-сарапшы	педагог-модератор	педагог	Барлығы
2023–2024 о.ж.	0	13	6	11	21	51
2024–2025 о.ж.	0	9	8	15	30	62
2025–2026 о.ж.	0	13	11	18	41	83

Кәсіби дамудың ішкі жүйесі: ай сайынғы PD-Days; Peer-to-Peer Learning (сабақтарды өзара бақылау және кері байланыс беру); «Teacher as Researcher» коуч-сессиялары; ашық сабақтар мен сабаққа бірлесіп дайындалу арқылы тәжірибе алмасу. Бұдан бөлек, педагогтер кәсіби байқауларға қатысып, өз тәжірибесін қалалық және республикалық деңгейде таныстырады.

Педагогтердің кәсіби байқауларға қатысуы

Байқау деңгейі	2023–2024 о.ж.	2024–2025 о.ж.	2025–2026 о.ж.
Халықаралық	0	0	0
Республикалық	0	1	0
Қалалық	0	3	1
Барлығы	**0**	**4**	**1**

Педагогтер үш жылда бір рет НЗМ, «Өрлеу», USTAZ және басқа да курстардан өтіп, біліктілігін арттырады. Сондай-ақ олар PYP/MYP/DP бағдарламалары бойынша ресми IB семинарларына қатысады. Бұл семинарлар үш санатқа бөлінеді және пәндік білім мен дағдыларды тереңдетуді, критериалды бағалауды, юнит жоспарларын (Unit Plans) әзірлеуді және ATL дағдыларын дамыту курстарын қамтиды.

Біліктілікті арттыру курстары

Кезең	«Өрлеу»	НЗМ	USTAZ	IB кәсіби даму курстары	Басқа курстар
2024–2026 о.ж.	7	26	8	64	12

3.3 Білім беру қызметінің нәтижелері

1. Контингент және білім сапасының динамикасы

Оқу жылы	Контингент	Білім сапасы	Үлгерім сапасы
2023–2024 о.ж.	441	70 %	100 %
2024–2025 о.ж.	546	68,9 %	100 %
2025–2026 о.ж.	530	62,6 %	100 %

2. «Алтын белгі» иегерлері

Оқу жылы	2023–2024 о.ж.	2024–2025 о.ж.	2025–2026 о.ж.
«Алтын белгі»	1	1	2

3. Олимпиадалар мен ғылыми жобалардағы жетістіктер

Оқу жылы	Аудан	Қала	Республика	Халықаралық	Барлығы
2023–2024 о.ж.	—	3	1	0	4
2024–2025 о.ж.	—	32	3	9	44
2025–2026 о.ж.	—	9	2	14	25

4. ҰБТ нәтижелерінің динамикасы

Оқу жылы	2023–2024 о.ж.	2024–2025 о.ж.	2025–2026 о.ж.
ҰБТ орташа балы	75	80	78

5. Түлектердің жоғары оқу орындарына түсуі

Оқу жылы	Түлектер саны	ЖОО-ға түскендер саны	Түсу үлесі
2023–2024 о.ж.	17	17	100 %
2024–2025 о.ж.	37	37	100 %
2025–2026 о.ж.	37	36	97,3 %
Барлығы	91	90	98,9 %

5. Түлектер түскен қазақстандық жоғары оқу орындары

КИМЭП университеті (KIMEP)
Алматы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы

Қазақстан-Британ техникалық университеті (ҚБТУ)
Алматы

Назарбаев Университеті (NU)
Астана

Нархоз Университеті
Алматы

AlmaU
Алматы

SDU University
Қаскелең, Алматы облысы

Astana IT University
Астана

Maqsut Narikbayev University (MNU)
Астана

С. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ
Алматы

Түлектер түскен шетелдік жоғары оқу орындары

University of Westminster
Ұлыбритания

University of Exeter
Ұлыбритания

University of Birmingham Dubai
Біріккен Араб Әмірліктері

Michigan State University
АҚШ

Arizona State University
АҚШ

Yonsei University
Оңтүстік Корея

University of Twente
Нидерланды

ELTE University
Венгрия

Istituto Marangoni
Италия

3.4 Мектептің оқу-материалдық-техникалық базасы

Кабинет атаулары	Кабинет саны	Қосымша ақпарат
Асхана	1	413 орындық
Спорт залы	2	
Спорт алаңы	1	
Кітапхана	2	
Мәжіліс залы	1	123 орындық
Конференц-зал	1	

Медициналық кабинет	1	
Оқу кабинеттері	48	
Информатика кабинеті	3	
АӘД кабинеті	1	
Технология кабинеті	2	
Қыштан бұйымдар жасау кабинеті	1	
Оқырман мәжіліс залы	2	
Робототехника кабинеті	1	
Шахмат кабинеті	1	
Хореография кабинеті	2	
Домбыра кабинеті	1	
Драма кабинеті	1	
Мектеп мұражайы	1	
Дыбыс жазу кабинеті	1	
Психолог кабинеті	1	1–4 және 5–11 сынып топтарына арналған психологиялық қызмет
Компьютер саны	280	
Интерактивті тақта	46	

Қауіпсіздік және санитариялық жағдай

Негізгі корпуста 154 бейнебақылау камерасы (120 ішкі, 34 сыртқы), қосымша корпуста 100 камера (86 ішкі, 14 сыртқы) орнатылған; негізгі корпустың бейнебақылау жүйесі Жедел басқару орталығына қосылған. Мектепте негізгі корпуста — 1 пост, қосымша корпуста — 1 пост; негізгі корпуста 5 турникеті бар өткізу пункті жұмыс істейді. Екі корпустың санитариялық жағдайы жақсы, күрделі жөндеу қажет емес.

3.5 Инклюзивті білім беру:

Мектепте инклюзивті білім беруді қолдау жүйесі қалыптасқан. Оның негізін бекітілген Инклюзия саясаты (саясат мектеп сайтында ашық жарияланған), логопеді мен арнайы педагогы бар ППҚҚ, кедергісіз орта және қолжетімділік паспорты құрайды.

Инклюзивті білім беруді қолдау мақсатында мектепте Педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету қызметі жұмыс істейді. Оның құрамында: 2 педагог-психолог, 1 педагог-логопед, 1 арнайы педагог, 1 әлеуметтік педагог және 1 кәсіби бағдар беруші жұмыс атқарады.

Кедергісіз орта

Ғимаратта қозғалысы шектеулі білім алушылар мен келушілер үшін мынадай жағдай жасалған:

- екі корпустың кіреберісінде пандус орнатылған;
- көру қабілеті шектеулі адамдарға арналған тактильді бағыттауыш жол төселген;
- баспалдақтарда контрастты белгілер, бағдарлауды жеңілдететін ақпараттық белгілер, шақыру түймесі және мүгедектерге арналған тұрақ бар;
- негізгі корпуста лифттер жұмыс істейді;
- қосымша корпуста «Гусеница» үлгісіндегі мобильді баспалдақ көтергіші бар.

Логопедиялық кабинет дыбыс қоюға арналған зондтармен, дидактикалық материалдармен, мұғалімге арналған компьютермен және оқушыларға арналған жиһазбен жабдықталған.

Мектепішілік оқыту аясында саралап оқыту, жеке ерекшеліктерді ескеріп сабақ жоспарлау және бағалау мәселелері бойынша семинарлар өтеді. Педагогтер ППҚҚ мамандарынан тұрақты әдістемелік көмек алады.

3.7 Тәрбие жүйесі

Тәрбие жұмысы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің тәрбие тұжырымдамасына, «Біртұтас тәрбие» аясындағы «Адал азамат» бағдарламасына және мектептің жылдық тәрбие жоспарына сәйкес жүргізіледі. Жоспарланған жұмыс толық көлемде іске асырылуда: мектепте қауіпсіз әрі қолайлы тәрбиелік орта қалыптасқан.

18	4	40 %
тәрбие жұмысының бағыты	мазмұндық топ	оқушылардың үйірмелерге қамтылуы

Тәрбие жұмысының мазмұндық топтары

Бағыт тобы	Бағдарламалар мен жобалар	Негізгі іс-шаралар
Құндылық тәрбиесі	«Адал азамат» «Саналы азамат» «Заман аруы – 2026» «Жігіт сұлтаны – 2026»	— патриоттық тәрбие іс-шаралары — қайырымдылық акциялары — ұлттық мерекелер мен құндылықтарды — насихаттау — адалдық, жауапкершілік, еңбекқорлық — құндылықтарына арналған әлеуметтік — жобалар
Қауіпсіздік және профилактика	«Көмек» «Жол қозғалысы ережелерін оқыту» «Заң және тәртіп»	— жол, өрт, су және интернет қауіпсіздігі — төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл — ЖҚЕ бойынша сынып сағаттары, викториналар, акциялар — құқықтық сауаттылық апталығы, полиция қызметкерлерімен кездесулер — құқық бұзушылықтың алдын алу
Әлеуметтік-психологиялық қолдау	«ДосболLike» антибуллинг бағдарламасы	— сауалнамалар, тренингтер, психологиялық кездесулер — медиация элементтері — қыздар мен жігіттер жиналыстары — буллинг пен кибербуллингтің алдын алу
Азаматтық белсенділік және экологиялық мәдениет	«Таза Қазақстан» «Таза мектеп – таза қоғам»	— сенбіліктер — ағаш отырғызу акциялары — эко-челленджер — волонтерлік жобалар

Серіктестік және қосымша білім беру

Бағыт	Жұмыс нысандары
Ата-аналармен серіктестік	— жалпы ата-аналар жиналыстары; АПҚО кездесулері — «Даналық мектебі» жобасы; психологиялық-педагогикалық семинарлар — Әкелер кеңесі
Кәсіптік бағдар беру	— ЖОО өкілдерімен кездесулер — мамандықтар жәрмеңкелері — кәсіп иелерімен әңгімелесулер
Қосымша білім беру	— оқушылардың 40 %-ы үйірмелер мен қосымша білім беру ұйымдарының қызметімен қамтылған


Ағымдағы басымдықтар

1	2	3	4
Үйірмелермен қамту үлесін арттыру	Оқушылармен жеке жұмысты күшейту	Оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесін дамыту	Ата-аналардың тәрбиелік жобаларға қатысуын кеңейту

3.8 Кәсіптік бағдар беру жұмысы

2023 жылы мектепте кәсіптік бағдар беру және университетке түсу мәселелері жөніндегі арнайы офис ашылды және «ZAMAN Bolashaǵy» кәсіптік бағдар беру жүйесі қалыптасты.

Кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісі



CRS жүйесінің негізгі қағидаты

Мамандықты оқушының орнына таңдамау

Кеңесшінің міндеті — «дұрыс мамандықты» анықтап беру емес, оқушыны негізделген шешім қабылдауға үйрету. Диагностикалық құралдар мамандық тағайындау тәсілі ретінде қолданылмайды.

Диагностика және жеке кеңес беру

Диагностиканың мақсаты	Жеке кездесулерде (оқушы, ата-ана) талданатын мәліметтер
— өзін-өзі саралау (рефлексия) — дұрыс сұрақ қоя білу — заңдылықтарды анықтау	— қызығушылықтары мен күшті жақтары — академиялық нәтижелері мен жетістіктері — оқудан тыс жұмыстарға қатысуы (extracurricular activities)

— әрі қарай зерделеу бағыттарын белгілеу	— диагностика нәтижелері — мансаптық идеялары — университет таңдауына қатысты мақсаты — қаржылық мүмкіндіктері

Кеңес беру қорытындысы бойынша оқушының жеке бағдары қалыптастырылады немесе жаңартылады.

3.9 Ынтымақтастық және серіктестік

Мектеп халықаралық білім беру ұйымдарымен, жоғары оқу орындарымен және білім беру платформаларымен жүйелі ынтымақтастық орнатқан. Серіктестік оқушыларға халықаралық бағдарламалар мен емтихандарға, олимпиадаларға қатысуға, ал педагогтерге кәсіби даму мен тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

Халықаралық ұйымдар мен қауымдастықтар

International Baccalaureate (IB)
PYP, MYP, DP бағдарламалары; IB World Schools қауымдастығы

CCAAIBWS
Кавказ және Орталық Азия IB мектептері қауымдастығының мүшесі

College Board
Advanced Placement (AP) бағдарламалары мен емтихандар орталығы

ЮНЕСКО
Қазақстандағы ЮНЕСКО клубтары федерациясымен ынтымақтастық

Жоғары оқу орындары

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы

SDU University
Қаскелең, Алматы облысы

КИМЭП университеті
Алматы

Білім беру ұйымдары мен платформалары

STEMCO
STEM-білім беру және олимпиадалар орталығы

tilu
Цифрлық білім беру платформасы

4. SWOT-талдау

S — Күшті жақтары

- ҚР МЖМБС мен IB бағдарламаларының толық циклін (PYP, MYP, DP) кіріктіру негізінде тұтас білім беру моделі қалыптасты;
- Ішкі және сыртқы бақылаудың көпдеңгейлі жүйесі жұмыс істейді: мектепішілік бақылау, үлгерімді талдау, педагогтердің диагностикалық карталары, мүдделі тараптар арасында сауалнама жүргізу, МЖМБС және IB талаптарының орындалуын бақылау.
- Тәрбиенің берік моделі қалыптасқан: «Адал азамат» бағдарламасы, ұлттық құндылықтар, IB философиясы және «Қағанат» оқушылық өзін-өзі басқару жүйесі өзара кіріктірілген.
- Педагогтердің кәсіби даму жүйесі дамыған: IB және ұлттық бағдарламалар бойынша курстар қаржыландырылады, тәлімгерлік жүргізіледі, педагогтер конференцияларға қатысады;
- Заманауи материалдық-техникалық және цифрлық база: бейіндік кабинеттер мен зертханалар, екі кітапхана, коворкингтер, Google Workspace, Turnitin, JSTOR, MyIB/IB ресурстары және басқа да платформалар.
- Түлектерге кәсіптік бағдар беру және халықаралық бағдарлау жүйесі дамыған; сыртқы бағалау материалдарында түлектердің жоғары оқу орындарына 100 % түсетіні көрсетілген.
- Оқушылардың олимпиадалық және зерттеушілік белсенділігі артып келеді, IB бағдарламаларының жобалық формалары (Personal Project, TOK, CAS, EE/IA) жүзеге асырылады.
- Мектеп қауымдастығымен көпарналы коммуникация жолға қойылған: мектеп сайты, әлеуметтік желілер, Coffee Mornings, ата-аналармен жұмыс форматтары және оқушылық өзін-өзі басқару.

W — Әлсіз жақтары

- Білім сапасының көрсеткіші 2024–2025 оқу жылымен салыстырғанда төмендеген: 68,9 % → 62,6 %; ҰБТ орташа балы 80-нен 78-ге дейін азайған.
- Кадрлық тұрақтылық тәуекел ретінде сақталып отыр: сертификатталған мамандар кетіп жатыр, МЖМБС пен IB талаптарын, ағылшын және қазақ тілдерін қатар меңгерген педагогтер жетіспейді.
- Жұмыс оқу жоспарлары мониторингінің нәтижелері мен басқа да деректерді талдау жүйесі әрдайым нақты аналитикалық қорытындылар мен басқарушылық шешімдерге дейін жеткізілмейді.
- Өлшенетін оқу нәтижелерін (learning outcomes) тұжырымдауда және дағдылар мен құзыреттіліктердің қалыптасуын бағалау жүйесінде әдіснамалық олқылықтар бар.
- Тілдік қолдау мен Inclusion Policy өзара келісуді талап етеді: тілдік кедергі білім беру тұрғысынан қолдау көрсетуді қажет ететін фактор ретінде қарастырылуы тиіс.

O — Мүмкіндіктер

- Мектептің МЖМБС пен IB бағдарламаларын қазақ тілінде кіріктіру жөніндегі ұлттық құзыреттілік орталығы ретіндегі орнын нығайту.
- МЖМБС–PYP–MYP–DP оқу бағдарламаларын үйлестірудің (curriculum

T — Қатерлер

- Алматыдағы IB бағдарламаларын ұзақ уақыт іске асырып келе жатқан жеке және халықаралық мектептер нарығындағы бәсекелестіктің жоғары болуы.
- IB сертификаты бар педагогтердің тапшылығы және оларды тартудың жоғары құны;

alignment) төл моделін әзірлеу және оны үздік тәжірибе ретінде тарату. - Көптілділікті (multilingualism), ана тілін қолдауды (mother tongue support) және тілдік инклюзияны ескеретін жүйелі Language Support моделін құру. - Олқылықтарды ерте анықтау және басқарушылық шешімдер қабылдау үшін жасанды интеллектіні, цифрлық аналитиканы және бірыңғай School Quality Dashboard жүйесін пайдалану. - IB мектептерімен, университеттермен және халықаралық әріптестермен ынтымақтастықты, соның ішінде бірлескен жобалар мен кәсіби даму (PD) бағдарламаларын кеңейту. - Түлектердің кері байланысын (alumni feedback), оқушының цифрлық портфолиосын және тәрбие мен академиялық бағдарламалардың тиімділігіне сапалы мониторинг жүргізуді дамыту. - Персоналды тұрақтандыру, мансаптық траекторияларды айқындау және IB педагогтерін ішкі даярлау жүйесін күшейту.	- IB бағдарламаларының толық циклін, лицензияланған ресурстарды, оқытуды және аккредиттеу рәсімдерін қамтамасыз етуге түсетін қаржылық жүктеме. - Жасанды интеллектінің кеңінен қолданылуы академиялық адалдықты бұзу тәуекелін арттырып, мектеп саясаты мен практикаларын үнемі жаңартып отыруды талап етеді. - Академиялық, әкімшілік және тәрбие жүктемесінің жоғары болуы салдарынан педагогтер мен координаторлардың эмоционалдық күйіп кетуі.

5. МЕКТЕПТІҢ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ: МИССИЯСЫ, ПАЙЫМЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мектеп миссиясы

ZAMAN миссиясы	IB миссиясымен үндестік
Ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, қоғамға қызмет ететін ізденімпаз, бәсекеге қабілетті жаһандық азаматты қалыптастыру.	*Мәдениетаралық түсіністік пен сыйластық арқылы әлемді жақсы әрі бейбіт ететін ізденімпаз, білімді және қамқор тұлғаларды тәрбиелеу.*

Мектептің пайымы: Оқушыларды тарих, мәдениет және тіл туралы үш негізгі сұраққа жауап беруге шақыратын бірегей қазақ мектебі

1 ТАРИХ	2 МӘДЕНИЕТ	3 ТІЛ
Мен бұл уақыт пен кеңістікте қандай тұлғамын?	**Менің әлемге және адамдарға деген көзқарасым қандай?**	**Мен өз ойларым мен сезімдерімді қалай жеткізе аламын?**

Құндылықтары

1	2	3	4	5
Адалдық	Көңіл	Қамқорлық	Сыни тұрғыдан ойлау	Сын-қатерді жеңу

Мақсаты

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС) мен халықаралық IB (International Baccalaureate) бағдарламаларын кіріктіре отырып, оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру; әрбір оқушының интеллектуалдық, рухани-адамгершілік әлеуетін ашу және бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру.

Міндеттері

1	**Білім беру сапасы** Білім беру сапасы мен оқу нәтижелерін арттыру (МЖМБС + IB)	2	**Кадрлық әлеует** Педагогтердің кәсіби әлеуетін дамыту
3	**Даму негізі** Мектептің инфрақұрылымын, қаржылық тұрақтылығы мен әріптестігін нығайту	4	**Тәрбие жүйесі:** Ұлттық құндылықтар мен «Zaman құндылықтары» негізінде тәрбие жүйесін дамыту

«ZAMAN» оқушысының профилі



МЕКТЕПТІҢ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ

Мақсаттар	Мерзімі
1-бағыт. Білім беру бағдарламаларының іске асырылу сапасы: МЖМБС және IB	
МЖМБС пен үлгілік оқу жоспарының талаптарын сақтай отырып, IB бағдарламаларын МЖМБС-пен кіріктіру жүйесін қамтамасыз ету	2023–2028 жж.
PYP, MYP, DP бағдарламалары бойынша IB World School мәртебесін алу және растау	2025–2028 жж.
IB бағдарламаларының ішкі сапа мониторингін (Quality Assurance) жүргізу және Programme Evaluation-ға дайындалу	2025–2028 жж.
ҚР Оқу-ағарту министрлігінің талаптарына толық сәйкестікті қамтамасыз етіп, мектептің «халықаралық мектеп» мәртебесін алу	2026–2027 жж.
ARQA тәуелсіз аккредиттеу агенттігінде институционалдық аккредиттеуден өту	2026–2028 жж.
CIS (Council of International Schools) мүшелігіне өтіп, аккредиттеудің дайындық кезеңдерін орындау және CIS халықаралық аккредиттеуін алу	2026–2030 жж.
2-бағыт. Академиялық сапа және білім алушылардың оқу нәтижелері	
Білім алушылардың білім сапасын білім беру деңгейлері бойынша арттыру	2023–2028 жж.
Ұлттық бірыңғай тестілеудің орташа балы бойынша нысаналы көрсеткішке қол жеткізуді қамтамасыз ету	2023–2028 жж.
Олимпиадалар, ғылыми жобалар мен байқауларға нәтижелі қатысуды кеңейту	2023–2028 жж.
Мектепішілік бақылау (МІБ) кеңесі арқылы білім сапасын ішкі бағалауды және оқуда қиындық көретін оқушыларды жеке қолдауды қамтамасыз ету	2023–2028 жж.
3-бағыт. Адами капитал	
«педагог-шебер», «педагог-зерттеуші», «педагог-сарапшы» біліктілік санаты бар педагогтердің үлесін арттыру	2023–2028 жж.
МЖМБС және IB талаптарына сай педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз ету	2023–2028 жж.
Сертификатталған IB педагогтерінің тұрақты командасын құру және мектептің IB Educator Network халықаралық желісіне ресми түрде енуін қамтамасыз ету	2025–2028 жж.
Кадр резервінің жол картасын әзірлеу және іске асыру	2026–2028 жж.
4-бағыт. Тәрбие жүйесі және мектеп мәдениеті	
«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы, «Zaman құндылықтары» және IB Learner Profile негізінде кешенді тәрбие бағдарламасын іске асыру	2023–2028 жж.
«Заман аманаты» оқу-әдістемелік бағдарламасын әзірлеу және курсты білім беру кеңістігінде ауқымдау	2026–2028 жж.
«Мектеп Қағанаты» өзін-өзі басқару ұйымы және қызмет ету жобалары (Service as Action, CAS) арқылы оқушылардың азаматтық белсенділігі мен көшбасшылығын дамыту	2023–2028 жж.
«ZAMAN Bolashaǵy» кәсіптік бағдар беру жүйесін қалыптастыру және білім алушыларға кәсіп пен мамандық таңдауда қолдау көрсету	2023–2028 жж.
5-бағыт. Инфрақұрылым, цифрлық орта және тұрақты даму	
300 орындық B оқу корпусын іске қосу, жарақтандыру, қолжетімді ортамен қамтамасыз ету және лицензиялау	2024–2025 жж.
Инфрақұрылымды дамыту: асхананы кеңейту, футбол алаңын реконструкциялау, Zaman Hall құрылысын бастау	2025–2027 жж.
Тұрақты даму жобаларын және кампустың көміртекті ізін азайту жоспарын іске асыру	2023–2028 жж.

ифрлық ортаны дамыту: жоғары жылдамдықты интернетпен толық қамту, едагогтерді жасанды интеллектпен жұмысқа оқыту, оны қолдану саясатын әне цифрлық портфолионы енгізу	2023–2028 жж.
6-бағыт. Қаржылық тұрақтылық және ауқымдау	
іріс көздерін әртараптандыру	2023–2028 жж.
ндаумент-қорды қалыптастыру және дарынды оқушылар мен жобаларды олдау үшін демеушілер тарту	2026–2028 жж.
ZAMAN IB» франшиза моделін әзірлеу, верификациялау және нарыққа ығару	2027–2028 жж.
7-бағыт. Ынтымақтастық және әріптестік	
Мектепті Халықаралық бакалавриаттың ресми өңірлік тренинг алаңы етінде авторизациялау	2025–2028 жж.
College Board тест орталығы мәртебесін алу және сақтау	2025–2028 жж.
Халықаралық IB мектептерімен, жоғары оқу орындарымен, ұлттық және халықаралық компаниялармен және ұйымдармен стратегиялық серіктестікті кеңейту	2023–2028 жж.

ЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАР

Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезеңде				
		2023-2024	2024-2025	2025-2026	2026-2027	2027-2028
ыт. Білім беру бағдарламаларының іске асырылу сапасы: МЖМБС және IB						
ЖМБС талаптарын сақтай отырып, дарламаларымен кіріктірілген оқу рлары бар пәндердің үлесі	%	—	—	100	100	100
World School мәртебесі расталған ламалар саны (PYP, MYP, DP)	саны	—	—	3	3	3
ікі сапа мониторингі (Quality nce) бойынша IB стандарттары мен икаларына сәйкестік деңгейі	%	—	—	—	85	95
Халықаралық мектеп» мәртебесінің ı	бар/жоқ	—	—	—	—	дайындық кезеңі
RQA институционалдық диттеуінің болуы	бар/жоқ	—	—	бар	бар	бар
IS аккредиттеу жол картасының далу деңгейі	%	—	—	20	40	60
ыт. Академиялық сапа және білім алушылардың оқу нәтижелері						
ілім сапасы (жалпы мектеп бойынша)	%	70	73	75	78	80
ТБТ-ның орташа балы	балл	70	73	75	78	80
Олимпиадалар, ғылыми жобалар мен аулардағы жүлделер саны (қалалық одан жоғары)	саны	10	15	20	25	30
Оқуда қиындық көретін оқушыларды кеңесінің шешімі бойынша жеке ау жоспарымен қамту	%	100	100	100	100	100

Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезеңде				
		2023-2024	2024-2025	2025-2026	2026-2027	2027-2028
ıт. Адами капитал						
едагогтердің жалпы санындағы гог-шебер», «педагог-зерттеуші», гог-сарапшы» санатындағы біліктілігі ызметкерлердің үлесі	%	70	70	70	70	70
ЖМБС және IB талаптары бойынша ілікті арттыру курстарынан мінде өткен педагогтердің үлесі	%	100	100	100	100	100
В ресми семинарларынан өтіп, фикат алған педагогтердің үлесі	%			50	70	90
адр резервінің жол картасы бойынша вке енгізілген педагогтер саны	саны	—	—	—	6	6
ыт. Тәрбие жүйесі және мектеп мәдениеті						
Біртұтас тәрбие» бағдарламасы, an құндылықтары» және IB Learner е негізіндегі кешенді тәрбие арламасының орындалуы	%	100	100	100	100	100
Заман аманаты» оқу-әдістемелік арламасын әзірлеп, сараптамадан у	%	—	—	—	50	100
«Мектеп Қағанаты», Service as Action / жобаларына қатысатын оқушылардың і	%	100	100	100	100	100
«ZAMAN Bolashaǵy» аясында кәсіптік ар диагностикасы мен жеке кеңестен н 9–11 сынып оқушыларының үлесі	%	100	100	100	100	100
ғыт. Инфрақұрылым, цифрлық орта және тұрақты даму						
300 орындық В оқу корпусының іске ылуы, жарақтандырылуы және ензиялануы	бар/жоқ	—	бар	бар	бар	бар
Инфрақұрылымды дамыту аларының орындалуы (асхана, футбол ы, Zaman Hall құрылысының алуы)	%	—	—		70	100
Тұрақты даму жобалары мен ыстың көміртекті ізін азайту арының орындалу деңгейі	%	—			50	70
Мектептің цифрлық экожүйесін құру парының іске асырылу деңгейі (жоғары дамдықты интернет, педагогтерді ЖИ-жұмысқа оқыту, ЖИ қолдану саясаты, рлық портфолио)	%	—	—	50	70	100
ғыт. Қаржылық тұрақтылық және ауқымдау						
Оқу ақысынан тыс кіріс көздерінің пы кірістегі үлесі	%				8	10

Нысаналы индикаторлар	Өлшем бірлігі	Жоспарлы кезеңде				
		2023-2024	2024-2025	2025-2026	2026-2027	2027-2028
Эндаумент-қор мен демеушілер інен қолдау алған дарынды оқушылар жобалар саны	саны	—	—	—	5	10
«ZAMAN IB» франшиза моделі ынша серіктес-мектептер саны	саны	—	—	—	—	1
ғыт. Ынтымақтастық және әріптестік						
Мектеп базасында өткізілген IB ресми лік семинарларының саны	саны	—	—		2	4
College Board тест орталығы гебесінің болуы	бар/жо қ	—	—		бар	бар
IB мектептерімен, ЖОО-мен, ұлттық е халықаралық ұйымдармен жасалған ктестік меморандумдарының саны	саны	3	5	7	9	11

БАҒДАРЛАМАНЫҢ 2023-2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу нысаны
1-бағыт. Білім беру бағдарламаларының іске асырылу сапасы: МЖМБС және IB				
	МЖМБС пен IB кіріктірілген оқу жоспарларын бекіту; PYP, MYP, DP бойынша IB талаптарын орындау	жыл сайын, тамыз	ДБОІЖО, ОІЖО, IB координаторлары	Жоспарлар, IB есептері
	IB ішкі сапа мониторингі (Self-study) және Programme Evaluation-ға дайындық	2025–2028 жж.	Директор, IB координаторлары	QA есебі
	«Халықаралық мектеп» мәртебесінің талаптары бойынша өзін-өзі тексеру (gap-талдау), кемшіліктерді жою, құжаттарды дайындап уәкілетті органға өтінім беру	2026–2028 жж.	Директор, ДБОІЖО, HR-менеджер, заңгер	Өтінім, мәртебе беру туралы бұйрық
	ARQA агенттігінің сыртқы сараптамалық бағалаудан өту	2023–2026 жж.	Директор, ДБОІЖО, IB координаторлары	Өзін-өзі бағалау есебі, аккредиттеу куәлігі
1.5	CIS мүшелігіне өту, аккредиттеу үйлестірушісі мен жұмыс тобын бекіту, Preparatory Engagement Visit-тен өту, Self-Study жоспарын іске асыру	2026–2028 жж.	Директор, IB координаторлары, жұмыс тобы	CIS мүшелігі, сапар есебі, Self-Study жоспары
2-бағыт. Академиялық сапа және білім алушылардың оқу нәтижелері				
2.1	МІБ кеңесінде білім сапасын тоқсан сайын талдау, қиындық көретін оқушыларға жеке қолдау	ай сайын	ДБОІЖО, ДОІЖО, Психолог	МІБ хаттамасы
2.2	ҰБТ сынақ тестілеулері және функционалдық сауаттылық мониторингі	жылына 2–4 рет	ДБОІЖО, ДОІЖО, ӘБ жетекшілері	Талдау анықтамасы

Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар	Аяқталу нысаны
Олимпиадалар, ғылыми жобалар мен байқауларға дайындық	қыркүйек – сәуір	ДҒӘЖО, ғылыми жетекшілер	Жүлделер тізімі
3-бағыт. Адами капитал			
Аттестаттау кестесі мен кадр резервінің жол картасын бекіту	жыл сайын, қыркүйек	Директор, HR-менеджер	Кесте, жол картасы
Біліктілікті арттыру жоспары: МЖМБС курстары, IB семинарлары, IB Educator Network	жыл сайын	ДҒӘЖО, IB координаторлары, HR-менеджер	Сертификаттар
4-бағыт. Тәрбие жүйесі және мектеп мәдениеті			
Жылдық тәрбие жоспары, «Мектеп Қағанаты», Service as Action / CAS жобалары	жыл сайын	ДТІЖО, IB координаторлары	Тәрбие жоспары
«Заман аманаты» бағдарламасын әзірлеу, апробациялау, сараптамаға ұсыну	2026–2028 жж.	ДТІЖО, шығармашылық топ	Бағдарлама
«ZAMAN Bolashaǵy»: 9–11 сынып оқушыларын диагностикалау және жеке кеңес беру	жыл сайын	Кәсіптік бағдар маманы, Психолог	Бағдар карталары, есеп
5-бағыт. Инфрақұрылым, цифрлық орта және тұрақты даму			
В корпусын лицензиялау; асхана, футбол алаңы, Zaman Hall жобаларын іске асыру	2024–2027 жж.	Директор, ДШЖО	Лицензия, актілер
Тұрақты даму және көміртекті ізді азайту жоспарын орындау	жыл сайын	ДШЖО, эко-клуб	Жылдық есеп
Цифрлық экожүйе: интернет, ЖИ саясаты, педагогтерді оқыту, цифрлық портфолио	2025–2028 жж.	IT-маман, ДҒӘЖО	Саясат, есеп
6-бағыт. Қаржылық тұрақтылық және ауқымдау			
Қосымша кіріс көздерін дамыту, эндаумент-қор құру және демеушілер тарту	2026–2028 жж.	Директор, Қаржы бөлімі	Қаржы есебі
«ZAMAN IB» франшиза моделін әзірлеу және пилоттық мектепте сынау	2027–2028 о.ж.	Директор, Қаржы бөлімі	Франшиза пакеті
7-бағыт. Ынтымақтастық және әріптестік			
IB өңірлік тренинг алаңы және College Board тест орталығы мәртебесін алу	2025–2028 жж.	Директор, IB координаторлары	Сертификат
Мектептермен, ЖОО-мен, ұйымдармен серіктестік меморандумдарын жасау	жыл сайын	Директор	Меморандумдар